

**Жас техниктер мен өнертапқыштардың (әуе, авто, кеме,
зымыран модельдері мен робот техникалары үлгілерін жасау
бойынша) республикалық шығармашылық сайысының
баспасөз хабарламасы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Ақтөбе қаласында 2014 жылғы 30 қыркүйек - 2 қазанда Жас техниктер мен өнертапқыштардың (әуе, авто, кеме, зымыран модельдері мен робот техникалары үлгілерін жасау бойынша) республикалық шығармашылық сайысын өткізеді.

Сайыс мақсаты: білім алушылардың ғылыми-техникалық шығармашылығын және құрастырушылық ойлауын дамыту.

Міндеттері:

- команда бойынша шығармашылық жұмыс дағдыларын қалыптастыру;
- инженерлік құрастырушылық мамандығы және робототехника, техникалық спорт түрі бойынша ең үздік жұмыс тәжірибесін насихаттау;
- балаларды робототехника бойынша инновацияға, ғылыми-техникалық шығармашылыққа тарту ;
- жастардың инновациялық технология, механика және бағдарламалау бойынша жаңа білімдерін, дағдылар мен құзырлығын қалыптастыру.

Сайысқа республиканың қосымша білім беру ұйымдарының, колледждердің, жалпы білім беретін мектептердің 7-11 сынып білім алушылары қатысады.

Сайыстың ашылу салтанаты 30 қыркүйекте өтеді. Сайысқа келесі үлгі топтары қатысады: радиоқозғалтқышты автомобильдер; әуе модельдері; кеме модельдері; ғарыштық модельдер.

Робот техникасы ЛЕГО құрастырушылар, алғашқы робот (LEGO-Mindstorms), ЛЕГО – құрылғы; RCX ,NXT компьютерлер – ЛЕГО қолдану арқылы жасалуы тиіс.

Жеңімпаздар дипломдармен, бағалы сыйлықтармен марапатталады. Республикалық сайыстың жабылу салтанаты және жеңімпаздарын марапаттау рәсімі а.ж. 2 қазанда өтеді.

Жас техниктер мен өнертапқыштардың (әуе, авто, кеме, зымыран модельдері мен робот техникалары үлгілерін жасау) республикалық шығармашылық сайысы дарынды балалардың шығармашылық әлеуетін анықтау және оларға қолдау көрсетудің тағы бір сатысы болып, әр түрлі білім беру ұйымдарының білім алушылары мен педагогтерінің өзара әрекеті мен тәжірибе алмасуына жағдай жасайды, білім беру үдерісінде робот құрастыру және сандық технологияны қолдану бойынша әдістемелік базаны дамытады.

Ақпарат үшін: 8 (7172) 44-53-41, 8 (701) 500-18-17; электрондық пошта: nt_ekotur@mail.ru